

Роялтиді табиғи нысанда төлеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 сәуір N 468

Қазақстан Республикасының отандық мұнай өңдеу зауыттарының жүктемесін қамтамасыз ету және мұнай өнімдерінің ішкі рыногын тұрақтандыру мақсатында сондай-ақ "Өнімді табиғи нысанда бөлу туралы келісім-шарттардағы Қазақстан Республикасының роялтилері мен үлестерін белгілеу және оны төлеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қыркүйектегі N 1329 P971329_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қолда бар қуаттардың жұмыс істеуі мақсатында отандық мұнай өңдеу зауыттарына жеткізуге жататын шикі мұнайдың көлемін айқындасын;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға қосымша келісімдер ж а с а с с ы н , о н д а :

мемлекет атынан роялтиді алушы - "ҚазМұнайГаз" Сауда үйі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - "ҚазМұнайГаз" Сауда үйі" ЖШС) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес роялтиді есептеу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар қолданатын бағалар бойынша жер қойнауын пайдаланушылардан шикі мұнай түрінде көмірсутегі шикізатының көлемін алуын қамтамасыз етсін;

"ҚазМұнайГаз" Сауда үйі" ЖШС алуға жататын көмірсутекті шикізат көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар төлейтін роялти төлеудің табиғи нысаны болып табылады деп айқындасын;

жер қойнауын пайдаланушымен келісім бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда белгіленген мерзімдерге қарағанда, роялти төлеу есебіне шикі мұнай көлемін берудің неғұрлым ерте мерзімдерін айқындасын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. "ҚазМұнайГаз" Сауда үйі" ЖШС (келісім бойынша):

1) оларды кейіннен сатып, жер қойнауын пайдаланушылардан роялти төлеу есебіне табиғи нысанын жеткізілетін шикі мұнайдың көлемін қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында роялти төлеу үшін белгіленген мерзімдерде жер қойнауын пайдаланушылар есептеген роялти сомаларын республикалық бюджетке есепке алуды жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

Ескерту. 1,2,3-тармақтар өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002.06.10 N 627 қаулысымен.

P020627_

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылғы
31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.25 N 1690
қаулысымен.

P011690_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.